



GMT-Master II

Oyster, 40 мм, ақ алтын

GMT-Master II
18-караттық ақ
алтын жасалған Oyster
Perpetual жасыл
керамика циферблат
пен Oysterбілезігі.




24 САҒАТТЫҚ АЙНАЛМАЛЫ БЕЗЕЛЬ

Инновациялық жоғары технология

Бұл модель жасыл керамика циферблат пен екі түсті Жасыл және қара керамикадан жасалған Cerachrom безелінің тегерігі жабдықталған. Сағаттық, минуттық, секундтық тәрізді дәстүрлі сағат тілдеріне қоса, GMT-Master II сағаты 24 сағат ішінде толық айналымды орындайтын және 24-сағаттық ойылған межелігімен екі бағытта айналатын ұштығы бар көрсеткіш тілімен жабдықталған.

Көрнектілігі жақсы 24-сағаттық тіл безельдегі таңбаның көмегімен бірінші сағаттық белдеудегі

жергілікті анықтамалық уақытты көрсетуге мүмкіндік береді. Саяхаттау кезінде жергілікті уақыт циферблатта “секіретін” сағат тілінің көмегімен орнатылады, бұл ерекше механизм арқылы бұрамалы бастиектің айналуымен оңай реттеледі. Бұл реттелім минуттық және секундтық тілдерден бөлек орындалады және басқа сағаттық белдеуде көрсететін уақыттың тіліне әсер етпейді. Бұл саяхаттаушыларға хронометраждың дәлдігіне әсер етпей, өздерінің жаңа уақыт белдеуіне бейімделуге мүмкіндік береді. Cerachrom безелінің дискі түпнұсқа түстің тіркесімімен - осы модельге арналған қара және әсем жасыл түспен - ерекшеленеді.



ЖАСЫЛ КЕРАМИКАЛЫҚ ЦИФЕРБЛАТ

Жоғары технологиялық өндіріс

Cerachrom циферблат – жез пластинаға материал дискін орнату арқылы табиғи тастан жасалған циферблаттар тәрізді тәсілмен құрылған – сағат бетін көмкеретін екі түсті жасыл және қара Cerachrom безелінің тегерігінің төменгі жартысы сияқты жасыл реңкті көрсетеді. Бұл – Rolex сағатындағы алғашқы Cerachrom циферблат.

Бұл сағатта, бастиек және бастиек қорғағышы сағат корпусының сол жағында тұрады. Күн апертурасы мен Cyclops линзалары “сағат 9” күйінде тұр.




18-КАРАТТЫҚ АҚ АЛТЫН

Кемелдікке талпыну

Өзінің ерекше жеке құю өндірісімен, Rolex-те жоғары сапалы 18-караттық алтын қорытпаларын құюдың қайталанбас мүмкіндігі бар. Күміс, мыс, платина немесе палладийдің үлес салмағын қосып, 18-караттық алтынның әр түрлі түрлері алынады: сары, қызғылт немесе ақ.

Қоспасыз металдардан алынған алтын қорытпасы компанияның ең соңғы технологиясымен жабдықталған зертханасында мұқият бақылаудан өтеді. Содан соң оның сапасына ерекше назар аудара отырып, одан қажетті бөлшектер жасалады.

Rolex бұйымының кемелдікке ұмтылысы өзінің шығу жерінен бастауын алады.



OYSTER БІЛЕЗІГІ

Пішін мен функцияның алхимиясы

Rolex білезіктері мен түймеліктерінің дизайны, оларды шығару, тестілеу алдыңғы қатарлы жоғары технологияларды қажет етеді. Және сағаттың барлық компоненттері тәрізді, шебердің визуалды бақылауы олардың мінсіз сұлулығына кепілдік береді.

Oyster білезігі - пішін мен функцияның тамаша алхимиясы. Алғаш рет 1930 жылдардың аяғында ұсынылған, бұл кең, жазық үшқатарлы түйіннен тұратын берік және ыңғайлы металл білезік, Oyster

коллекциясындағы ең әмбебап білезік болып саналады.

Толығырақ техникалық деректер GMT-Master II

Сілтеме 126729VTNR

Модель корпусы

Түрі

Oyster, 40 мм, ақ алтын

Диаметрі

40 мм

Безель

Екі бағытта айналатын 24 сағаттық ойылған безель. Екі түсті жасыл және қара керамикалық Cerachrom дискі, қалыпқа құйылған сандар және межеліктегі таңбалар

Бұрамалы бастиек

Бұрандалмалы, үш есе суға төзімді Triplock жүйесі

Кристал

Сызаттардың пайда болуына төзімді, жақұтты, күнін көрсету терезесінде Cyclops линзасы

Суға төзімділік

Суға төзімділігі 100 метрге / 330 футқа дейін

Механизм

Түрі

Perpetual, механикалық, автоматты түрде құлағынан бұрау, GMT функциясы

Калибр

3285, Rolex өндіру зауыты

Қуат қоры

Шамамен 70 сағат

Білезік

Түрі

Oyster, үшқатарлы сом түйіндер

Білезік материалы

18-караттық ақ алтын

Түймелік

Oysterlock қауіпсіздік түймелігі, 5 мм
дейін ұзартылатын Easylink түйіні

Циферблат

Түрі

Жасыл керамика

Сертификаттау

Түрі

Дәлдігі жоғары хронометр
(механизмді корпусына орнатқаннан
кейін COSC + Rolex сертификациясы)

Толығырақ ақпаратты **Rolex.com** сайтында зерттеңіз және біліңіз

**Сауда белгілері, қызмет көрсету
белгілері, сауда атаулары, дизайн және
авторлық құқық тәрізді барлық
зияткерлік меншік құқықтары
қорғалған.**

Бұл веб-сайттағы қандай да ақпаратты
жазбаша рұқсатсыз көшіруге болмайды.
Rolex кез келген уақытта осы веб-сайттағы
модельдерді өзгерту құқығын өзіне
қалдырады.

